

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
«Заң» факультеті
«Философия» кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма төрағасы-ректор

Д.Ж. Ахмед-Заки
« » 2025 ж.



**В033 – Дінтану және теология білім беру бағдарламасы тобы бойынша
талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

В033 – «Дінтану және теология» білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан бағдарламасы.

Бағдарлама «Философия» кафедрасының мәжілісінде талқыланған № 9 хаттама, « 24 » 04 2025ж.

Кафедра меңгерушісі Ибраева Н.А. философия ғылымының кандидаты, доцент Ибраева Н.А.

Бағдарлама «Заң» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған, № 9 хаттама, « 29 » 04 2025ж.

ӘК төрайымы Тоханова Р.Ж. Тоханова Р.Ж.

1. Шығармашылық емтихандар бағдарламасының талаптары мен міндеттері

Шығармашылық емтихандар бағдарламасының мақсаты – дайындау бағыты бойынша оқуға шығармашылық дайындығы жеткілікті талапкерлерді іріктеу болып табылады.

Талапкер шығармашылық емтихан тапсыру кезінде нұсқаға қарай, біліктілік дағдыларын, білім деңгейін көрсетуі қажет.

Талапкерлер шығармашылық емтиханды тапсыру барысында қойылатын талаптардың қажетті деңгейде орындалу негізінде балл қойылады.

Шығармашылық емтиханда әр талапкерлерге жарты (30-минут) академиялық сағат беріледі.

Шығармашылық емтиханды тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі және 16 шілде 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-15 шілде және 10-15 тамыз аралығында өткізіледі.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Емтиханға қойылатын талаптар: Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу, Дін негіздері бойынша ауызша емтихан орта және арнайы орта оқу орнын бітірушілердің білім дағдыларына негізделген.

В033-«Дінтану және теология» білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерге арналған **1-ші шығармашылық емтихан – «Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу».**

Әңгімелесу кезінде талапкер шығармашылық емтихан комиссиясының жалпы танымдық сұрақтарына жауап беру арқылы өзінің жан-жақты ой-өрісін байқатуы тиіс. Талапкерлерге қойылатын бағдарлық ауызша сұрақтардың тізімін кафедра мәжілісінің шешімімен кафедра меңгерушісінің ұсынуымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді.

2-ші шығармашылық емтихан «Дін негіздері бойынша ауызша емтихан» бойынша шығармашылық емтихан берілген сұрақтар бойынша жүргізіледі.

Емтихан ауызша түрінде жүзеге асырылады. Ауызша емтихан тақырыптарын кафедра мәжілісінің шешімімен кафедра меңгерушісінің ұсынуымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді. Талапкерлерге ұсынылатын ауызша шығармашылық емтихан тақырыптарынан іріктеліп алып, әр билетте 3 сұрақтан жасалып, арнайы конвертте салынып, желімделіп, қабылдау комиссиясы басшысының қолы қойылып, мөр басылып, қабылдау комиссиясында құпия сақталады. Ауызша

шығармашылық емтихан тақырыптары бағдарламалық тақырыптар тізімі түрінде емтиханға 3 күн қалғанда қабылдау комиссиясының арнаулы хабарландыру тақтайшаларына ілінеді.

Емтихан талаптары

Шығармашылық емтихандар екі кезеңде өткізіледі:

1. Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу барысында дінтану саласы бойынша кәсіби дайыныдығын дәлелдеу;

2. Дінтану негіздері бойынша ауызша емтиханда, дінтану негіздері пәні бойынша сұрақтарға ауызша жауап беру.

Талапкер шығармашылық емтихан тапсыру кезінде діндер тарихы және олардың қызметі туралы қабілетін көрсетуі қажет.

В033-«Дінтану және теология» білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерге арналған, Дін негіздері бойынша ауызша емтихан шығармашылық емтихандағынұсқаға қарап, ойын дәлелді жеткізу талап етіледі.

Дін негіздері бойынша ауызша емтихан бойынша талапкерлер діндердің бағыттары, олардың қызметтерін түсінуі бойынша білімдерін көрсете білу қажет.

Шығармашылық конкурстың 1-ші кезеңі комиссия мүшелерінің талапкерлермен әңгімелесуі формасында өтеді. Әңгімелесу әр талапкермен жеке-жеке еркін жағдайда жүргізіледі. Сұрақ-жауап арнайы хаттамамен рәсімделіп, тіркеліп отырады. Негізгі мақсат – талапкердің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңінен білу, оның кәсіптік дағдысы мен мәдениетін, дүниетанымын аңғару.

Шығармашылық емтиханда әр талапкерлерге жарты сағат (30 минут) академиялық сағат беріледі.

Талапкерге дін негіздері тақырыптарда сұрақтар қойылады. Ауызша емтиханның мақсаты – конкурсқа қатысушылардың қабілеттілігін, білімділігін және кәсіптік дағдысын анықтау. В02211– Дінтану және философия білім беру бағдарламасына түсуші талапкер өзіне қойылған сұрақтарға нақты әрі сауатты түрде жауап беруі тиіс. Талапкер осы конкурс барысында қоғамдық маңызы бар деректерді тандай білуі, талдай алуы және түсінік бере білуі, соның негізінде белгілі бір қорытынды жасай алу біліктілігін көрсетуі қажет.

Талапкердің дүниетанымдық көзқарасы, қажетті деректерді табу және өз ойын еркін баяндай білу біліктілігі, қисынды ойлау, дұрыс қорытынды жасай алу қабілеті және т.б. бағаланады.

Талапкерге қабылдау комиссиясы жұмыс парағын ұсынады. Жұмыс парағына талапкердің ойларын түсіріп ауызша сұрақтарға дайындалуына рұқсат етіледі.

Ауызша емтихан барысында емтихан комиссиясы талапкерлердің тақырыптың ашылуына, мазмұндаудың сауаттылығына ерекше назар аударады.

1. КӘСІПКЕ ЖАРАМДЫҒЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ӘНГІМЕЛЕСУДІҢ БАҒДАРЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ

Жалпы дін туралы

1. Дінтану мамандығын неліктен таңдадыңыз?
2. Қандай діни кітаптарды оқисыз?
3. Қандай діни сайттарды қолданасыз?
4. Дін дегеніміз не? Қандай діндерді білесіз?
5. Өзіңіздің тұратын жердегі аудандық не қалалық діни мекемелермен қатынасыңыз бар ма?
6. Қандай кітап оқыдыңыз, қазір не оқып жүрсіз? Сүйікті авторыңыз?
7. Сізді қандай діни тақырыптар қызықтырады?
8. Сіздің тұрақты көретін діни телеарнаңыз? Ұнатып көретін бағдарламаларыңыз?
9. Тұратын аймағындағы облыстық, аудандық діни газет, журналдарды оқисыз ба? Ондағы қандай материалдар қызықтырады?
10. Өзіңіздің қадірлейтін, еліктеуге тұратын дін саласындағы ғалым кім?
11. Зайырлылық дегеніміз не?
12. Діни экстремизм туралы не айтасыз?
13. Қазақстандағы діндер туралы не білесіз?
14. Әлем халықтарының тарихы мен мәдениетіндегі діннің ролі туралы не білесіз?

Мемлекет және дін қатынастары туралы

15. Дін мен мемлекет қатынасы туралы не ойлайсыз?
16. Қазақстан Республикасының Конституциясында (Ата Заңы) дінге қатысты не айтылған?
17. Рухани астана – Түркістан жөнінде не айтасыз?
18. ҚР президентінің дін туралы ой пікірлерін білесіз бе?
19. Дін туралы мәліметтерді қайдан алдыңыз? (Ата-ана, кітап, интернет т.б.)

Ислам туралы

20. Қасиетті орындарды зиярат ету туралы не айтасыз?
21. Ислам діні бойынша қабірлерді зиярат ету туралы не айтылады?
22. Дін мен салт дәстүр арақатынасы туралы өз ойыңызды айтыңыз?
23. «Бидғат», «ширк» ұғымдары туралы не білесіз?
24. Мазхаб дегеніміз не? Ханафи мазхабы туралы не білесіз?
25. Дәстүрлі емес қандай исламдық бағыттарды білесіз?
26. Қазақстан мұсылмандыры діни басқармасының төрағасы кім?
27. Қандай имамдардың уағыздарын тыңдайсыз?
28. Ислам бес шартын түсіндіріңіз?
29. Иман дегеніміз не?
30. Пайғамбарлар, сахабалар, табиғин және әтбаут табиғиндер кімдер?
31. А.Ясауи туралы не білесіз?

4. ДІН НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША АУЫЗША ЕМТИХАННЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Діннің мәнін анықтаңыз және оған өз пікіріңізбен тұжырым жасаңыз
2. Діни құрылымның мәнін ашыңыз
3. Діни бірлестіктер туралы жазыңыз және оның мәнін айқындаңыз
4. Қарапайым діни наным-сенімдердің мәнін ашыңыз және түрлерін атап өтіңіз
5. Тотемизм туралы не беріңіз?
6. Анимизм туралы мәлімет беріңіз?
7. Магияның мәнін ашыңыз, секуляризация және сакрализация дегеніміз не?
8. «Шіркеу», «қауым», «секта», «конфессия» ұғымдарының мәнін ашыңыз
9. «Діни синкретизм» ұғымының мәнін ашыңыз
10. Атман, сансара, карма ұғымдарына түсініктеме беріңіз.
11. Индуизм дінінің ұстанымдарын атаңыз.
12. Зороастризм ілімінің ғұрыптарына сипаттама жасаңыз
13. Тәңір ұғымының мәнін ашыңыз
14. Даосизм діні туралы мәлімет беріңіз
15. Иудаизм дінінің дәстүрлері мен рәсімдері туралы мәлімет беріңіз
16. Буддизм дінінің негізін салушысы – Сидхарт Гаутаманың өмірі туралы мәлімет беріңіз
17. Әлемдік дін ретінде христиандықтың ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз
18. Қазақстанға буддизм дінінің таралу тарихы
19. Христиандықтың Қазақстанға таралу ерекшеліктері туралы мәлімет беріңіз
20. Аңыздың мәнін ашыңыз.
21. Атеизмге түсініктеме беріңіз және діншілдер мен атеистер ұстанымдарының ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.
22. Қазақстанда діни ағымдар мен қауымдардың көбею себептерін атап көрсетіңіз.
23. Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттің дінге деген көзқарасын түсіндіріңіз.
24. Веда діни ғұрыптарының мәнін ашыңыз.
25. Брахман ұғымының мәніне талдау жасаңыз.
26. Вишну мен Шива сенімінің мәніне сараптама жасаңыз.
27. Сикх іліміне талдау жасаңыз.
28. Авестаның мазмұнын ашыңыз.
29. Зороастризм дінінің Қазақстанға таралу тарихы туралы мәлімет беріңіз.
30. Төрт түлік малдың киелері мен иелері және олардың функцияларын атаңыз.
31. Конфуцианизм дінінің мәнін ашыңыз
32. Конфуцианизм дінінің рәсімдері мен ғұрыптары және олардың мағыналары туралы мәлімет беріңіз.
33. Иудаизмнің пайда болу және даму тарихын саралаңыз.
34. Иудаизм ілімінің қасиетті кітаптарындағы тақырыптарды саралаңыз.
35. Буддизм дінінің ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.
36. Буддизм дінінің қасиетті кітаптарын саралаңыз.

37. Христиандықтың пайда болу, даму тарихын сараптаңыз.
38. Інжілдің бөлімдерін атаңыз және салыстырыңыз.
39. Дін мен ғылым арақатынасын саралап, ұстанымдарын атаңыз.
40. Дін мен саясат арақатынасына өз көзқарасыңызбен тұжырым жасаңыз.
41. Діни фанатизмнің, діни экстремизмнің, діни фундаментализмнің мәнін ашыңыз және өз ойыңызбен түсініктеме жасаңыз.
42. Ригведаның, Самаведаның, Яжурведаның және Атхарваведаның негізгі идеяларын саралаңыз және бір-бірімен салыстырыңыз.
43. Брахманизм дінінің ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.
44. Зороастризм дінінің ерекшеліктеріне баға беріңіз.
45. Ежелгі түркілердің діни сенімі мен дүниетанымы туралы мәлімет беріңіз.
46. Әуақ сенімінің ежелгі түркілер мен бүгінгі қазақтар арасындағы мәнін салыстырыңыз және бағамдаңыз.
47. Иудаизм ілімінің ерекшеліктеріне тұжырым жасаңыз.
48. Нирвана ұғымына және оған жету жолдарына тұжырым жасаңыз.
49. Буддизмнің әлем туралы көзқарасына баға беріңіз.
50. Буддизм тармақтарына сипаттама жасаңыз және бір-бірімен салыстырыңыз.
51. Ламаизм туралы мәлімет беріңіз және жергілікті халық танымымен үндесу ерекшеліктерін бағамдаңыз.
52. Дзен буддизм ілімінің ерекшеліктеріне тұжырым жасаңыз.
53. Исааның дүниеге келуі, өмірі және қызметі туралы христиандық, исламдық түсініктемелерге сипаттама жасап, салыстырыңыз және өз ойыңызбен бағалаңыз.
54. Христиан дінінің тармақтары мен мектептеріне салыстырмалы тұжырым жасаңыз және тармақтарының ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
55. Бүгінгі христиан дінінің жағдайына сараптама жасап, баға беріңіз.
56. Қазақстандағы діни ахуалға баға беріңіз.
57. Конфуцийдің өмірі туралы баяндаңыз. Ол неге данышпан Кун деп аталды?
58. Әлемдік діндердің қасиетті жазбаларын сипаттаңыз.
59. Діннің мәдениет қалыптастырушы рөлін жан-жақты талдап түсіндіріңіз.
60. Ұлттық және әлемдік діндердің ерекшеліктерін ашыңыз.
61. ҚР бейбітшілік пен конфессияаралық келісім орнатудағы саясатын түсіндіріңіз.
62. Қазақстан Республикасындағы Орыс православие шіркеуінің (Митрополиттік округі) қызметін саралаңыз.
63. Ежелгі өркениет діндерін түсіндіріңіз.
64. Діннің бала тәрбиесіндегі рөлін түсіндіріңіз.
65. Діни тұрғыдан адамның қоршаған ортадағы міндеттерін айтаңыз.
66. Діни тұрғыдан баланың ата-ана алдындағы міндеттерін түсіндіріңіз.
67. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың (діни секталар) кереғар әрекеттерін атаңыз.
68. Діннің қоғамдағы әлеуметтік қызметтерін түсіндіріңіз.
69. Христиан дінінің Католик ағымын түсіндіріңіз.

70. Христиан дінінің Православия ағымын түсіндіріңіз.

Ислам діні

1. Ислам дінінің қазақ халқы арасындағы орны мен маңызын анықтаңыз.
2. Мәдени мұра ретінде Құранның мәні мен маңызын түсіндіріңіз.
3. Мұсылмандық мейрамдар туралы мәлімет беріңіз.
4. Құран Кәрім туралы мәлімет беріңіз.
5. Мүмін дегеніміз кім? Оның белгілері мен ерекшеліктері қандай?
6. Тәуелсіздік кезіндегі Қазақстандағы ислам дінінің жағдайы туралы сараптама жасаңыз.
7. Исламдағы ағымдар мен бағыттардың пайда болу мен даму тарихы мен себептерін тұжырымдаңыз.
8. Ислам дінінің Қазақстанға таралу ерекшеліктеріне тұжырым жасаңыз және мысалдар келтіріңіз.
9. Ежелгі қазақ сенімі мен исламдық құндылықтар арасындағы ұқсастыққа, үндестікке баға беріңіз.
10. Ислам дінінің ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.
11. Мұхаммед пайғамбардың өнегелік, адамгершілік қасиеттерін түсіндіріңіз.
12. Исламдағы сунниттер мен шииттер арасындағы ерекшеліктерді түсіндіріңіз.
13. Мұсылмандық шариғат туралы мәлімет беріңіз және ерекшеліктерін айқындаңыз.
14. Мұсылман құқықтық мектептерге сипаттама жасаңыз.
15. Исламның бес шартына сипаттама жасаңыз.
16. Сопылық ілімнің ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
17. Ислам мен ғылым арақатынасын түсіндіріңіз.
18. Әбу Насыр әл-Фараби және оның ғылым тарихындағы орнын бағамдаңыз.
19. Исламның Қазақстанда таралу ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
20. Қожа Ахмет Йасауи ілімінің мәні мен маңызын саралаңыз.
21. Қазақ рухани кеңістігінде Йасауи ілімінің орнын және маңызын анықтаңыз.
22. Ыбырай Алтынсариннің ислам діні туралы көзқарастарын бағалаңыз.
23. Жүсіп Баласағұни ілімінің мәнін ашыңыз.
24. Махмұд Қашқаридың түркі тілдері мен діні туралы зерттеулерін бағалаңыз.
25. Әбу Ханифа ілімі және оның ерекшеліктері туралы мәліметтер беріңіз.
26. Абайдың діни-ағартушылық көзқарастарына баға беріңіз.
27. Шәкәрімнің діни-философиялық ойларына талдаулар жасаңыз.
28. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы исламның рөлін бағамдаңыз.
29. Қазіргі Қазақстан қоғамы мен тарихындағы исламның мәнін ашыңыз.
30. Сүннет дегеніміз не? Сүннеттің ислам дініндегі орнын анықтаңыз.
31. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тарихы мен қызметтерін атаңыз.
32. Мұхаммед пайғамбардың өміріне шолу жасаңыз.
33. Араб халифатының саяси жүйесі туралы түсінігіңіз.

34. Қазақ діни ағартушылық мәдениетіндегі мешіттер мен медреселердің маңызын түсіндіріңіз.
35. Діни экстремизм мен терроризм зардаптарын және олармен күресу жолдарын түсіндіріңіз.
36. Қазақстан жеріндегі мәдени-тарихи және діни ескерткіштерді саралаңыз.
37. Қазақтардың исламға дейінгі діні мен салт-дәстүрлерін сипаттап беріңіз.
38. Ислам тарихының алғашқы дәуірлеріне қатысты маңызды діни оқиғаларын туралы мәлімдеңіз.
39. Ислам тарихындағы Хижа оқиғасының мәні мен рөлін атаңыз.
40. Алғаш мұсылмандардың Мединеге келуі мен ондағы жағдайын сипаттаңыз.
41. Құрандағы сүрелер мен аяттар туралы түсінік беріңіз.
42. Құраннан оқу-білімге деген ұстанымын саралаңыз.
43. Ислам дінінің қасиетті кітабы – Құранның ерекшеліктерін баяндаңыз.
44. Парыз дегеніміз не? Исламдағы парыздар туралы мәлімет беріңіз.
45. Иман дегеніміз не? Иман шарттары туралы мәлімет беріңіз.
46. Мұхаммед Пайғамбардың Ислам дінін тарату мен насихаттаудағы қызметін ашып көрсетіңіз.
47. Исламда сүннет пен хадистің маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
48. Исламның Батыс мәдениетіне ықпалын көрсетіңіз.
49. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі туралы мәлімет беріңіз.
50. Арыстан баб кесенесі және т.б. мешіттері туралы мәлімет беріңіз.
51. Қазақ ойшылдарының философиялық-ағартушылық және діни көзқарастары туралы айтыңыз.
52. Түркістан қаласының тарихы туралы мәлімет беріңіз және қазақ руханиатындағы Түркістан қаласының маңызын анықтаңыз.
53. Исламда каллиграфия өнерінің маңызы мен ерекшелігін айтаңыз.
54. Қазақтың дәстүрлі діни таным ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.
55. Қазақтың діни ойшылдары туралы мәлімет беріңіз.
56. Қазақ рухани мәдениетіндегі Диуани Хикметтің маңызын бағамдаңыз.
57. Мұхаммед пайғамбардың ата-тегі, әке-шешесі және әулеті туралы мәлімет беріңіз.
58. Мұхаммед пайғамбардың жанұясы туралы мәлімет беріңіз.
59. Уахи (пайғамбарларға тән-аян) дегеніміз не? Мұхаммед пайғамбарға келген алғашқы уахи туралы мәлімет беріңіз.
60. Мұхаммед пайғамбарға сеніп, алғаш ислам дінін қабылаған мұсылмандар туралы мәлімет беріңіз.
61. Пайғамбардың сенімді серіктері ішіндегі төрт шадиар туралы мәліметтер беріңіз.
62. Мекке мен Медине қалаларының тарихы мен олардың ислам дініндегі орнын анықтаңыз.
63. Қожа Ахмет Ясауидің өмірі және өмір сүрген заманы туралы мәліметтер беріңіз.
64. Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын атаңыз және олардың әрқайсысына сипаттама жасаңыз.

65. Ахмет Ясауидің ұстаздары мен шәкірттері туралы мәлімет беріңіз.
66. Ясауи іліміндегі шарифат, тарикат, мағрифат және хақиқат қақпалары(сатылары) туралы мәлімет беріңіз.
67. Ясауи кесенесінің қазақ руханиатындағы орнын анықтаңыз.
68. Кеңестің кезеңдегі ислам дінінің жағдайы туралы мәлімет беріңіз.
69. Исламдағы харам түсінігі және тиым салынған әрекеттер туралы мәліметтер беріңіз.
70. Исламдық бағыттағы керағар діни ағымдар туралы ой пікірлеріңіз

ЕМТИХАН НӘТЕЖИЕСІ БОЙЫНША ҚОЙЫЛАТЫН БАҒАНЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» пәні бойынша

1. Жоғары деңгей – 35-ден 50 балға дейін

Берілген сұраққа жауаптың шешімі жоғары деңгейде болуы; Дінтану саласы бойынша діни әдебиеттермен танысу деңгейі және жағдайларға анализ жасалуы.

2. Жеткілікті деңгей – 20-дан 34 балға дейін

Берілген сұраққа жауаптың шешімі жеткілікті деңгейде болуы; Дінтану саласы бойынша зайырлылық қағидаларына анализ жасалуы.

3. Орташа деңгей – 5-дан 19 балға дейін

Берілген сұрақтар бойынша діни экстремизм ұғымдарын ажырата білуі және түсінуі.

4. Төменгі деңгей -0 – 4 балдан төмен

Қазақстандағы діндердің қызметін ажырата білуі және түсінуіндегі қате көзқарастарды білдіруі.

«Дін негіздері бойынша ауызша емтихан» пәні бойынша

1. Жоғары деңгей – 35-ден 50 балға дейін

Талапкер тапсырманы қатесіз және мемлекеттік стандарттардың талаптарын сақтай отырып орындаған. Барлық сұрақтарға жауаптары дұрыс және айқын орындалған, дәлелдері дұрыс қойылған. Гуманитарлық ойлау қабілетінің жоғары дәрежесі байқалады. Қоғамдағы діннің қызметіне анализ жасалуы.

2. Жеткілікті деңгей – 20-ден 34 баллға дейін

Талапкер берілген сұрақтарға жауапты елеусіз қателермен орындаған. Жауаптар логикалық қисынға сәйкес орындалған. Дінтану бағыты бойынша жауаптар негізінен дұрыс орындалған. Әлеуметтік-гуманитарлық ойлаудың жақсы деңгейі байқалады. Ислам дінінің қызметіне анализ жасалуы.

3. Орташа деңгей – 5 -тен 19 баллға дейін

Талапкер сұрақтарға жауапты елеулі қателермен орындаған. Жауаптары логикалық қисынның кейбір талаптарына сай орындалмаған. Жауаптары онша айқын емес және дәл емес. Гуманитарлық ойлау қабілетінің дәрежесі жақсы емес екені байқалады. Діндердің қызметін орташа деңгейде құрастыру және анализ жасалуы.

4. Төменгі деңгей 0 – 4 баллдан төмен

Талапкер берілген сұрақтарға тапсырманы дұрыс орындамаған. Логикалық ойлауы дұрыс қойылмаған, жауаптары шашыраңқы. Гуманитарлық діни ойлау қабілетінің дәрежесі төмен. Дінтану негізін төменгі деңгейде құрастыру және анализ жасалмауы.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚЫТУ ТҮРІ БОЙЫНША ҚОЙЫЛАТЫН БАЛЛ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу» бойынша

1. Жоғары деңгей – 16-ден 20 балға дейін

Берілген сұраққа жауаптың шешімі жоғары деңгейде болуы; Дінтану саласы бойынша діни әдебиеттермен танысу деңгейі және жағдайларға анализ жасалуы.

2. Жеткілікті деңгей – 10-дан 15 балға дейін

Берілген сұраққа жауаптың шешімі жеткілікті деңгейде болуы; Дінтану саласы бойынша зайырлылық қағидаларына анализ жасалуы.

3. Орташа деңгей – 5-дан 9 балға дейін

Берілген сұрақтар бойынша діни экстремизм ұғымдарын ажырата білуі және түсінуі.

4. Төменгі деңгей 0 – 4 баллдан төмен

Қазақстандағы діндердің қызметін ажырата білуі және түсінуіндегі қате көзқарастарды білдіруі.

Негізгі әдебиеттер

1. Кенжетаев Д.Т., Сайлыбаев Ә.Ә. Зайырлылық және дінтану негіздері. Жалпы білім беретін орта мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2016
2. Ғ.Есім. Дінтану негіздері. Орта мектеп 9 сыныпқа арналған оқулық. 2004, 2010
3. Орынбеков.М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. Қазақ университеті. А., 2002.
4. Яблоков.И.Н. Религиоведение. Учебное пособие и учебный словарь-минимум. М., Гардарики. 2002

5. Асаоглы. Діндер тарихы. Оқу құралы. Тұран баспасы. Түркістан. 2011.
6. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане / М. С. Орынбеков; Ин-т философии, политологии и религиоведения; Комитет науки МОН РК. - 2-е изд., перераб. и доп. - Алматы : ИФПР КН МОН РК, 2013. - 204 с.
7. Байтенова Н.Ж. Исламский банк: религиозно-нравственные ценности ислама: учебное пособие / Н. Ж. Байтенова, Д. Ш. Заманбеков, Ж. Т. Алыкпашев. - Алматы : Қазақ университеті, 2014. - 186 с.
8. Лобазова О.Ф. Религиоведение: Учебник для студ., обуч. по спец. "Социальная работа", гуманитарных и социально-гуманитарных вузов, колледжей, лицеев и гимназий; Рекомендовано УМО вузов РФ / О. Ф. Лобазова; Рос. гос. соц. ун-т. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Изд. торг. корпорация "Дашков и К", 2017. - 488 с.
9. Религии в Казахстане: хрестоматия / сост.- ред. А.И. Артемьев, С.Ю. Колчигин, И.Б. Цепкова. - 2-е изд., испр. и доп. - Алматы: Изд-во "Бастау". - 2011
10. Коран, Перевод смыслов и комментарии / пер. Иман В. Пороховой; гл. ред. Мухаммад Саид Аль-Рошд. - 11-е изд. - М: РИПОЛ классик, 2011. - 800 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Қожа Ахмет Ясауи Диуани Хикмет. А., 2005ж.
2. Абай Шәкәрім шығармалары 2005ж.-2007ж.
3. С.Хизметли. Діндер тарихы. Анкара., 1993ж.
4. Джалилов З.Г. Исламские традиции: культура поведения в семье и обществе / З. Г. Джалилов. - Алматы: Изд. "Дайк-Пресс", 2018. - 152 с.
5. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы / А. Г. Косиченко ; под общ.ред. З.К. Шаукеновой; ИФПР КН МОН РК. - Алматы : ИФПР КН МОН РК, 2012. - 220 с.
6. Религии в Казахстане: хрестоматия / сост.- ред. А.И. Артемьев, С.Ю. Колчигин, И.Б. Цепкова. - 2-е изд., испр. и доп. - Алматы: Изд-во "Бастау". - 2011
7. Ислам о терроре и акциях террористах- смертников / сост. Э. Чапан ; пер. с турецкого. - М. : Новый свет, 2005. - 176 с.
8. Великий имам -имам агзам Абу Ханифа. - Алматы: Фонд поддержки исламской культуры и образования, 2011. - 52 с.
9. История религии: в 2-х т. : учебник для вузов / под общ.ред. И.Н. Яблокова; Допущено УМО классических университетов России. - 2-е изд., испр. и доп. - М. : Высш. шк. - 2014
10. Суфизм в Центральной Азии (зарубежные исследования): сборник статей памяти Фритца Майера (1912-1998). - СПб.: Филологич. фак-т, 2001. - 394 с. - (Азиатика)